



ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ДАЙЫНДАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША ОӘБ ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Webex веб конференциясы

№6

27 мамыр 2022 жыл

ОӘБ Төрағасы Нургожин Т.С.

ОӘБ Төрағасының орынбасары Сыдыкова С.И.

КҮН ТӘРТІБІ

1. 2022 жылғы 29 сәуірдегі ҚР БҒМ РОӘК материалдарын талқылау, баяндамашы төраға орынбасары Сыдыкова С.И.
2. Денсаулық сақтау саласындағы қосымша және бейресми білім беру мәселелері, баяндамашы ҚББ және БББ секциясының төрағасы Султангазиева А.А.
3. Резидентураға қабылдау туралы, баяндамашы төраға орынбасары Сыдыкова С.И.
4. Әртүрлі

1-сұрақ. 2022 жылғы 29 сәуірдегі ҚР БҒМ РОӘК материалдарын талқылау.

ТЫҢДАЛДЫ:

төраға орынбасары Сыдыкова С.И. 2022 жылғы 29 сәуірдегі ҚР БҒМ РОӘК отырысының материалдарын таныстырды. Талқылауға білім және ғылым ұйымдарының өкілдері қатысты.

ШЕШІМ:

1.1 «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша ОӘБ-нің ЖОО-лардың микро біліктілік бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру және оларды тану тәртібі жөніндегі нұсқаудың жобасына ұсыныстары жоқ.

1.2 Оқытуды онлайн форматта іске асыратын ББ тізбесіне «Денсаулық сақтау» даярлау бағытын енгізбеу. Теориялық бөлігі білім беру ұйымдарында, ал практикалық оқыту жұмыс орнында жүзеге асырылатын дуальді оқытуды іске асыру мүмкіндігін қарастыру. Дуальды оқытуды келесі ББ бойынша жүзеге асыру ұсынылады: Мейірбике ісі; - Қоғамдық денсаулық сақтау; Фармация. Дуалды оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу бойынша жұмыс тобын қалыптастыру, топ жетекшісі болып Риклефс В.П. анықтау.

1.3 «Денсаулық сақтау» дайындау бағыты бойынша ОӘБ қызметі қолданыстағы форматта қалдырылсын. «Денсаулық сақтау» дайындау бағыты бойынша ОӘБ Денсаулық сақтау саласындағы ұлттық академиялық кеңес болып қайта аталсын. Қайта атау 2021-2022 оқу жылындағы жұмыс қорытындылары шығарылғаннан және алдағы 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспары



бекітілгеннен кейін ағымдағы жылдың маусым айындағы ОӘБ отырысында бекітілсін. ОӘБ, ЖБТ, комитеттердің белсенді мүшелерінің тізімдері көтермелеу үшін ҒАРД жіберілсін.

1.4 Білім беру ұйымдарында педагогикалық практиканы өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар жобасы бойынша ОӘБ ұсыныстары жоқ.

1.5 Магистратура мен докторантураға түсу үшін білім беру салаларының сәйкестігін әдістемелік ұсынымдарға «Денсаулық сақтау» дайындау бағыты бойынша ОӘБ ұсыныстары осы Хаттамаға 1-қосымшада.

1.6 Докторантураға түсу үшін түсу емтиханының форматы бойынша «Денсаулық сақтау» дайындау бағыты бойынша ОӘБ ұсыныстары жоқ. ҚР ДСМ ҒАРД келісімі бойынша денсаулық сақтау ББ-ға қабылдау ЖЖОКББ жоспарланады.

1.7 Эксперимент режимінде жоғары оқу орындары білім алушыларының интегралдық GPA енгізу жөніндегі нұсқаудың жобасына «Денсаулық сақтау» дайындау бағыты бойынша ОӘБ ұсыныстары осы хаттамаға 2-қосымшада.

2-сұрақ. Денсаулық сақтау саласындағы қосымша және бейресми білім беру мәселелері.

ТЫҢДАЛДЫ:


ҚББ және БББ секциясының төрағасы Султангазиева Айгуль Атакановна Денсаулық сақтау саласындағы қосымша және бейресми білім беру мәселелері туралы баяндады. Талқылауға білім және ғылым ұйымдарының өкілдері қатысты.

ШЕШІМ:

2.1 Денсаулық сақтау даярлау бағыты бойынша ОӘБ отырысында бекітілген және ОӘБ сайтында орналастырылған білім беру ұйымдарының (ЖОО, ҒЗИ, ҰО, ВМК) сертификаттау курстары бағдарламаларын іске асыруына рұқсат ету.

2.2 Ұйым мен сертификаттау курсы тыңдаушы (СТ қоса беріледі) арасында шарт жасасу және жоғары медициналық колледждердің ПОҚ үшін біліктілік талаптары туралы «Денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша және бейресми білім беру қағидаларын, Денсаулық сақтау саласындағы қосымша және бейресми білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» ҚР ДСМ 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-303/2020 бұйрығына толықтырулар енгізу.

2.3 Сертификаттау курсы (СТ қоса беріледі) бойынша мемлекеттік қызметі туралы «Денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауды жүргізу, шетелдік мамандарды қоса алғанда, денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатының қолданылуын растау қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде медициналық білім алған адамды денсаулық

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»	
	Денсаулық сақтау дайындау бағыты бойынша ОӘБ	Хаттама
		Редакция: 1 4 беттің 3 беті

сақтау саласындағы маманды сертификаттауға жіберу шарттарын бекіту туралы» ҚР ДСМ-274/2020 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-274/2020 бұйрығына толықтырулар енгізу.

2.4 Білім беру ұйымдары (ЖОО, ҒЗИ, ҰО, ВМК) 2022 жылғы 20 маусымға дейін ОӘБ қосымша және бейресми білім беру секциясына Денсаулық сақтау саласындағы бейресми білім беруді ұйымдастыру және іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар жобасына ұсыныстар енгізісін.

2.5 Бейінді комитеттердің төрағалары денсаулық сақтау саласындағы кәсіптік стандарттарды бекіту жөніндегі жұмыс тобына 1-2 өкілден ұсынсын. ЖБТ төрағалары жетекшілік ететін комитет бойынша жиынтық ұсынсын, мерзімі 2022 жылғы 31 мамыр.

3-сұрақ. Резидентураға қабылдау туралы.

ТЫҢДАЛДЫ:

Төраға орынбасары Сыдыкова С.И. резидентураға қабылдау туралы мәселені талқылауға ұсынды. Талқылауға білім және ғылым ұйымдарының өкілдері қатысты.

ШЕШІМ:

3.1 Интернатурада оқу көзделмеген шетелдік жоғары оқу орындары түлектерінің, сондай-ақ оқуын бұрын аяқтаған (1993 жылдан 1999 жылға дейін) ҚР үміткерлерінің өтініштеріне байланысты резидентураға қабылдауды реттейтін НҚА-ға *«дәрігер» біліктілігін көрсететін құжаты, Денсаулық сақтау маманы сертификаты бар адамдарды қабылдау* талабымен шектелсін.

4-сұрақ. Әртүрлі

4.1 Денсаулық сақтау саласындағы қосымша білім беру бағдарламаларын бекіту.

ТЫҢДАЛДЫ:

Төраға орынбасары Сыдыкова С.И. Денсаулық сақтау саласындағы қосымша білім беру бағдарламаларын бекітуге ұсынды. Талқылауға білім және ғылым ұйымдарының өкілдері қатысты.

ШЕШІМ:

4.1.1 Сертификаттау курстарының бағдарламалары 3-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4.1.2 БҰҰ-ның халықтың қоныстануы саласындағы қорының (ЮНФПА-ның Қазақстандағы елдік офисі) біліктілігін арттыру бағдарламалары 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4.2 Білім алушылар мен түлектерді тәуелсіз бағалау туралы.



«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.
АСФЕНДИЯРОВА»

Денсаулық сақтау дайындау бағыты
бойынша ОӘБ

Хаттама

Редакция: 1

4 беттің 4 беті

ТЫҢДАЛДЫ:

Төраға орынбасары Сыдыкова С.И. білім алушылар мен түлектерді тәуелсіз бағалау туралы баяндады. Талқылауға білім және ғылым ұйымдарының өкілдері қатысты.

ШЕШІМ:

4.2.1. Бітірушіге «қанағаттанарлықсыз» деген баға алғаннан кейін 3 айдан соң бітірушінің ҰТЕО базасындағы жеке қаражаты есебінен қайта тәуелсіз бағалауға рұқсат етілсін.

4.2.2. ҰТЕО алдында Тараз және Орал қалаларында жоғары медициналық колледждер базасында Оқу мерзімі 10 ай «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша тәуелсіз бағалау тапсыру туралы өтініш білдірілсін.

4.2.3. Білім беру ұйымдары білім алушыларды тәуелсіз бағалауға дайындық бойынша жұмысты күшейтсін (базалық пәндер). Білім алушыларды бағалау үшін тест тапсырмаларына сараптама жүргізу мерзімі (базалық пәндер) 2022 жылғы 9-10 маусым бекітілсін.

4.3 Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттардың жобасы туралы.

ТЫҢДАЛДЫ:

Төраға орынбасары Сыдыкова С.И. жобаның мәртебесі туралы баяндады.

ШЕШІМ:

4.3.1. Білім беру ұйымдары денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша ЖБП көлемі 56 кредит болатын мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттардың жобаларын іске асыру үшін ББП жобаларын дайындасын.

**Денсаулық сақтау дайындау бағыты
бойынша ОӘБ Төрағасы**



Нургожин Т.С.